

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ
Акционерлерінің Жалпы жиналысының
шешімімен бекітілген
(2021 жылғы 20 мамырдың №1 хаттамасы)

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

Жалғыз акционер – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2018 жылғы 15 қазандағы шешімімен (№28/18 хаттама) бекітілген «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Бүкіл мәтін бойынша «Астана» сөзі «Нұр-Сұлтан» сөзіне ауыстырылсын;

2. Жарғының орыс тіліндегі мәтініндегі «аффилированные», «аффилированных», «аффилированными», «аффилированности», «аффилированные», «аффилированное», «аффилированным», «аффилированы» деген сөздер сәйкесінше «аффилированные», «аффилированных», «аффилированным», «аффилированными», «аффилированности», «аффилированные», «аффилированное», «аффилированным», «аффилированы» деген сөздермен ауыстырылсын

3. 4-бөлім мынадай мазмұндағы 19-1-тармақпен толықтырылсын:
«19-1. Қоғамның қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуі «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен бекітілетін «Самұрық-Қазына» АҚ тобының қайырымдылық бағдарламасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуге құқығы жоқ.»;

4. 50-тармақтың бірінші абзацындағы «Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі» деген сөздерден кейін «немесе Қоғамның шоғырландырылған таза табысын» деген сөздермен толықтырылсын»;

5. 106-тармақтың 13) тармақшасындағы «Қоғамның таза табысын бөлу» деген сөздерден кейін «немесе Қоғамның шоғырландырылған таза табысын бөлу» деген сөздермен толықтырылсын»;

6. 111-тармақтың 1) тармақшасындағы «Қоғамның даму стратегиясы мен даму жоспарларын (оларға өзгерістер мен толықтыруларды) бекіту» деген сөздер «Қоғамның даму стратегиясын (оған өзгерістер мен толықтыруларды) бекіту» деген сөздермен ауыстырылсын»;

7. 111-тармақтың 2) тармақшасындағы «оның іске асырылуы мен орындалуына бақылауды жүзеге асыру» деген сөздерден кейін «осы Жарғының 111-тармағының 44) тармақшасына сәйкес Басқарма есебінің шеңберінде» деген сөздермен толықтырылсын»;

8. 111-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) Қоғамның аралық (шоғырландырылған және жеке) қаржылық есептілігін тоқсан сайынғы негізде (есепті жылдың 1 (бірінші) тоқсаны, 1 (бірінші) жарты жылдығы, 9 (тоғыз) айы үшін), қаржылық нәтижелердің шолуын (жылдық және жартыжылдық) қарау және бекіту);»;

9. 111-тармақтың 15) тармақшасындағы «және еңбекке ақы төлеу, сыйлықақы беру шарттары» деген сөздер «лауазымдық жалақы, сыйақы шарттары» деген сөздермен ауыстырылсын»;

10. 111-тармақтың 16) тармақшасындағы «және еңбекке ақы төлеу, сыйлықақы беру шарттары» деген сөздер «лауазымдық жалақы, сыйақы шарттары» деген сөздермен ауыстырылсын»;

11. 111-тармақтың 23) тармақшасындағы «шетелдік» деген сөз алып тасталсын;

12. 111-тармақтың 29) тармақшасындағы «Қоғамның таза табысын бөлу» деген сөздерден кейін «немесе Қоғамның шоғырландырылған таза табысын бөлу» деген сөздермен толықтырылсын»;

13. 111-тармақтың 37) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«37) Қоғам қызметінің стратегиялық және талдамалық түйінді көрсеткіштерінің тізбесін және/немесе нысаналы мәндерін бекіту, Қоғам Басқармасының Төрағасы мен Басқарма мүшелері үшін қызметтің түйінді көрсеткіштерін және олардың нысаналы және нақты мәндерін, Қоғамның Ішкі аудит қызметі, Комплаенс қызметі, корпоративтік хатшысы мен омбудсмені қызметі тиімділігінің түйінді көрсеткіштерін бекіту);»;

14. 111-тармақтың 44) тармақшасындағы «акционерлердің күтулері» деген сөздер «шоғырландырылған бизнес-жоспардың» деген сөздермен ауыстырылсын»;

15. 111-тармақтың 50) тармақшасы алып тасталсын;

16. 111-тармақтың 52) тармақшасы «Қоғамның өзге органдарының ерекше құзыретіне жатқызылмаған» деген сөздермен толықтырылсын.»;

17. 131-тармақтың 3-абзацындағы «келісуге/мәжіліске қатысушы» деген сөздерден кейін «Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін (шоғырландырылған және жеке) алдын ала бекіту, Қоғамның аралық қаржылық есептілігін (шоғырландырылған және жеке) тоқсан сайынғы негізде бекіту және қаржылық нәтижелерді (жылдық және жартыжылдық) шолу мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 7 (жеті) күн бұрын беріледі» деген сөздермен толықтырылсын,»;

18. 131-тармақтың 3-абзацының 7) тармақшасындағы «Қоғамның (шоғырландырылған және жеке) жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту» деген сөздер алып тасталсын;

19. 135-тармақтың үшінші абзацы «, мұндай мәміленің үлгі шарттарын Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен жағдайларды қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын.»;

20. 138-тармақтың 1-абзацындағы «3 (үш)» деген сан мен сөз «7 (жеті)» деген санмен және сөзбен ауыстырылсын)»;

21. 143-тармақта:

а) 4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) өндірістік қауіпсіздік бойынша (HSE);»;

б) мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Аудит жөніндегі Комитет тек қана Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларынан тұруы тиіс.»;

22. 146-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын;

«3) Қоғамның даму стратегиясын, Қоғам қызметінің стратегиялық және талдамалық түйінді көрсеткіштерінің тізбесін және/немесе нысаналы мәндерін, Қоғамның 5 (бес) жылдық кезеңге арналған даму жоспарын (бизнес-жоспарын) және оны түзетулерді мақұлдау және Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығару;»;

23. 146-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Қоғамның тәуелсіз қауымдастықтарға және өзге де коммерциялық емес ұйымдарға мүшелікке кіруі туралы шешім қабылдау, сондай-ақ олардың шығып кетуі;»;

24. 146-тармақтың 10) тармақшасындағы «комплаенс қызметі қызметкерлерінің» деген сөздер «комплаенс қызметі басшысының» деген сөздермен ауыстырылсын;

25. 146-тармақтың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«11) «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен бекітілетін «Самұрық-Қазына» АҚ тобының қайырымдылық бағдарламасына сәйкес Қоғамның қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуі туралы шешімдер қабылдау.»;

26. 146-тармақтың 20) тармақшасы «Қоғамның аралық қаржылық есептілігін (шоғырландырылған және жеке) және қаржылық нәтижелерді шолуды (жылдық және жартыжылдық) тоқсан сайынғы негізде бекіту» деген сөздермен толықтырылсын;»;

27. 146-тармақтың 25) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«25) дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалармен жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелер жасасу;»;

28. 155-тармақтың 17) тармақшасы алып тасталсын.

Басқарма төрғасы



Ғ. Пирматов